

21 маусым,
Сейсенбі,
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

ОЙЫЛ

ҰЛЫТАУ ҰЛТТЫҢ ҰЯСЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ І ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



ҚҰРМЕТТІ ҚАУЫМ!
АРДАҚТЫ АҒАЙЫН!
БАРШАҢЫЗҒА ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ АШЫЛУЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН ДЕГІМ КЕЛЕДІ.
БІЗ БҮГІН ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ РЕФЕРЕНДУМНАН КЕЙІН АЛҒАШ РЕТ БАС ҚОСЫП ОТЫРМЫЗ. АТА ЗАҢҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУЕ АРНАЛҒАН РЕФЕРЕНДУМ ТАБЫСТЫ ӨТТІ. АЗАМАТТАРЫМЫЗ ДАУЫС БЕРУЕ БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСТЫ. ОТБАСЫМЕН БІРГЕ БАРЫП, ЕЛ БОЛАШАҒЫНА БЕІ-ЖАЙ ҚАРАМАЙТЫНЫҢ КӨРСЕТТІ. ШЫНАЙЫ ӨЗГЕРІСКЕ ЖӘНЕ ЖАН-ЖАҚТЫ ЖАҢҒЫРУҒА ДЕГЕН ҰМТЫЛЫСЫН БІЛДІРДІ. КЕЛЕШЕГІМІЗДІҢ ЖАРҚЫН БОЛАРЫНА ҮМІТІ ЖӘНЕ СЕНІМІ ЗОР ЕКЕНІН БАЙҚАТТЫ. ЕЛІМІЗ ЕРТЕҢГІ КҮНГЕ МЫЗҒЫМАС БІРЛІКПЕН ҚАДАМ БАСУҒА ДАЙЫН ЕКЕНІН АНЫҚ АҢҒАРТТЫ.
РЕФЕРЕНДУМНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БАРШАҢЫЗҒА БЕЛГІЛІ. КӨПШІЛІК АТА ЗАҢҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ МЕНІҢ БАСТАМАМДЫ ҚОЛДАДЫ. ДАУЫС БЕРУЕ ҚАТЫСҚАН БАРША АЗАМАТТАРҒА ЗОР АЛҒЫСЫМДЫ АЙТАМЫН. ОСЫЛАЙША, ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ. КОНСТИТУЦИЯҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРМЕН БІРГЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ ӨЗГЕРМЕК. ЕЛДІ БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ ПАЙДА БОЛАДЫ. ЯҒНИ, БІЗ ЕКІНШІ РЕСПУБЛИКАНЫ ҚҰРУҒА КІРІСТІК.

(Жалғасы 2-бетте)

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУДА ТОП ЖАРДЫ

23 маусым – Мемлекеттік қызметші күнін мерекелеу қарсаңында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бастамасымен және Ақтөбе облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен мемлекеттік қызметші оң имиджін көтеру және мемлекеттік қызметшілердің шығармашылық қабілетін дәріптеу мақсатында мемлекеттік өкімшілік қызметшілер арасында «Поэзия – образ, поэзия – өлең» атты 2 кезеңнен тұратын облыстық конкурс ұйымдастырылды.
Аталған конкурсқа 50-ге жуық мемлекеттік қызметші қатысып, конкурс комиссиясының бағалауымен 10 мемлекеттік қызметшіге екінші кезеңге жолдама берілді. Екінші кезеңге ауданымыздың 2 мемлекеттік қызметшісі Қараой ауылдық округі өкімі аппаратының бас маманы Нұрлан Айтқалиев пен Қайыңды ауылдық округі өкімі аппаратының жетекші маманы Ақтоты Таңатарова өткен болатын. Конкурс ережесі бойынша екінші кезеңде қатысушының орындаған поэзиясына сәйкес сахналық қойылым көрсетілуі ұсынылды.

Аталған кезең ағымдағы жылдың 17 маусым күні өткізіліп, мемлекеттік қызметшілер Нұрлан Айтқалиев І.Жансүгіровтың – Құлагер поэмасынан үзінді (Серінің құлагерді жоқтауы) оқыса, Ақтоты Таңатарова Мұхтар Шахановтың «Мені неге



Мұхтар қойған?» (Мұрат Өуезовке) поэзиясын оқыды. Сонымен қатар сахналық қойылымға қосымша мемлекеттік қызметшілер қатыстырылуға мүмкіндік берілгендіктен, сахналық қойылымға Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Б.Иманғалиев, Ойыл ауданы өкімі аппаратының бас маманы Ә.Кереев, Ойыл ауылдық округі өкімі аппаратының бас маманы Ә.Жақсығалиева қатысып, поэзия образындағы рөлдерді сомдады.

Конкурс нәтижесінде жоғары дәрежеде өнер көрсеткен Қараой ауылдық округі өкімі аппаратының бас маманы Нұрлан Айтқалиев «Бас жүлде» жеңіп алып, 100 мың теңге

сертификатын иеленді. Ал Қайыңды ауылдық округі өкімі аппаратының жетекші маманы Ақтоты Таңатарова конкурсқа белсене қатысқаны үшін Алғыс хат пен 10 мың теңгеммен марапатталды.

«Поэзия – образ, поэзия – өлең» атты облыстық конкурсқа қатысып, жүлделі оралған және белсенділік танытқан мемлекеттік қызметкерлерді марапаттарымен құттықтаймыз.

Сонымен қатар, аудан өкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық және ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің басшысы Зейнұр Берғалиев 90 кг-ға дейінгі мемлекеттік қызметшілер арасындағы облыстық біріншілікте бір көтеруден облыс чемпионы болды.

ҮЛГІЛІ «ӘСЕМ» БИ АНСАМБЛІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУДАН ЖҮДЕЛІ ОРАЛДЫ



Жуырда Алматы қаласында өткен «Күншуақ-2022» халықаралық фестиваль-конкурсында ауданымыздың үлгілі «Әсем» би ансамблі қанжығаларын майлап

оралды. Ойыл аудандық мәдениет үйі жанынан құрылған би тобы бұған дейін де бірнеше республикалық, халықаралық би додаларында топ жарып, Ойыл ауданының мерейін

шарықтатып жүр. Ал еліміздің оңтүстік астанасында өткен фестиваль-конкурсында балғындар 2 бас жүлдені жеңіп алып, жетекшілерінің үмітін ақтады. Хореография номинациясы бойынша орта топ «Шапқыма» биі, кіші топ «Құрбылар» биін орындап, үздік деп танылды. Халықаралық жарыста екі Бас жүлдені иеленіп қайтуы ұстаздың біліктілігі мен еңбегінің арқасында екені сөзсіз. Жалпы би өнерін дәріптеп, ескеңе ұрпаққа үйретіп баулыған «Әсем» би тобының жетекшісі Толқын Тұмышованың еңбегін ерекше айта кеткен жөн.

Р.С. Майгүл Мерғалиеваның ұйытқы болуымен Алматыдағы ойылдықтар бүлдіршіндерге Алматының көрікті жерлеріне қыдыртып, таңертеңнен көшке дейінгі демалысын ұйымдастырды. «Балғындардың жеңісіне жерлестерінің атынын шашуымыз», - дейді демеушілік көрсеткен Алматыдағы ойылдық жерлестер.

ҒАРИФОЛЛА - «ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІНІҢ ҮЗДІГІ»

Маусымның үшінші жексенбісінде жыл сайын Қазақстанда Медицина қызметкері күнін атап өтеді.

Ақтөбе облыстық өнер орталығында медицина қызметкерлерінің күніне орай салтанатты жиын өтті. 2000-нан аса медицина қызметкерлері қатынасып, марапатқа, сый құрметке бөленді. Аудандық аурухананың эндокринолог дәрігері, емхана меңгерушісі Құланда Көшелековна Досова «Senim» кәсіподағының атынан «Кәсіподақтағы көп жылғы еңбегі үшін» төс белгісіне, анестезиолог-реаниматолог дәрігер Амантай Тілекбайұлы Идиятов денсаулық сақтау министрінің алғыс хатына ие болды.

Ал, аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ғарифолла Құбаев «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды.



АҚПАРАТ МИНИСТРІ ЖЕРГІЛІКТІ БАҚ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Өткен жексенбі күні Ақтөбе телеарнасының мәжіліс залында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Асқар Омаров облыстағы БАҚ өкілдерімен кездесті. Кездесу еркін форматта өтті.

Асқар Омаров сөзінің басында қазіргі таңда елімізде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, БАҚ туралы Заң қайта қаралып жатқанын айтты. Ол қоғамда қызу талқыланып жатыр. Осы талқылау аясында журналистердің мәртебесіне қатысты мәселе жиі көтеріледі. Министрдің пікірінше, әуелі «журналист деп кімді атаймыз?» деген сауалға жауап табуымыз керек.

Сондай-ақ ол алдағы 2-3 жылда мемлекеттік телеарналар мен басылымдардың қызметкерлерінің еңбекақысы көтерілетінін, БАҚ өкілдеріне барынша қолдау шаралары жүргізілетінін жеткізді.

Басқосуда республикалық, облыстық телеарналар мен газеттердің тілшілері еңбекақыны көбейту, оқырмандарға газетті жеткізудегі қызметтің сапасы, цифрлық технологияларды дамыту, т.б мәселелерді көтеріп, өз ұсыныс-тілектерін айтты.

– Қазіргі таңда біздің алдымызда халыққа сенімді ақпарат жеткізу, жалған ақпаратты жарияламау сияқты

өзекті міндеттер тұр. Барлық аудитория біздің мемлекеттік басылымдарды оқиды, көреді. Сондықтан Жаңа Қазақстанның журналистері мықты да жан-жақты кәсіби маман болуы керек. Сіздер халыққа шынайы, өрі жедел түрде соңғы жаңалықтарды жеткізесіздер, осы тұрғыда еңбектеріңіз зор.

Алда келе жатқан мерекелеріңіз құтты болсын! Баршаңызға шығармашылық табыс тілеймін! - деді министр.

Кездесу соңында Асқар Омаров бір топ БАҚ саласының қызметкерін Құрмет грамотасымен марапаттады. **ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

ТҰРҒЫНДАР ЖИЫНЫ МӘСЕЛЕ - МАЛ АЗЫҒЫНЫҢ БАҒАСЫ МЕН САПАСЫ



Өткен апта Ойыл селосы тұрғындарының кезекті жиыны өтті. Өдеттегідей мал азығын дайындау маусымы алдында өтетін жиынға аудан өкімінің орынбасары Саян Сүлейменов пен Ойыл селолық округінің өкімі Сәндібек Дәулетқалиев және Ойыл селосының тұрғындарын мал азығын қамтамасыз етуші кәсіпкерлер қатысты.

Алдымен аудан өкімінің орынбасары Саян Сүлейменов бүгінгі кездесудің мақсатын түсіндіріп, мал азығын дайындаушылардың ұсынар бағасына құлақ асты. Әрине, даладағы шөптің аулаға жеткенше қанша еңбекпен келетінін білеміз. Дегенмен, тұрғындардың өз уәжі бар. Бағасына дегенде мал азығын дайындаушылардың ұсынысына

билік өкілдері де, тұрғындар да тоқтады. Ал, сапасы дегенде тұтынушылардың көңілінен шықпай отырған оның көлемі мен салмағы. Бұл мәселе алдағы уақытта ауданның шабындығынан берілген жерлерден мал азығын дайындаушылармен шөптің көлемі мен салмағы келісім шартта көрсетіле отырып реттелетін болады.

Газетке жазылу - 2022

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы 2022 жылдың ІІ жарты жылдығына жазылу басталды

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Заңды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)

ҰЛЫТАУ ҰЛТТЫҢ ҰЯСЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ І ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алайда, кейбір азаматтарымыз референдум кезінде мемлекеттің атауы да өзгеруге тиіс еді деген пікір айтып жүр. Олар «Қазақстан» атауындағы «-стан» сөзін елімізге де, бүкіл Азияға да жат ұғым деп санайды. Мұны да қисынды деп айтуға болмайды. Себебі, елдеме дәл осындай Пәкістан, Үндістан, Ауғанстан және Орталық Азия мемлекеттері бар.

Ең басты мәселе, біз Тәуелсіз еліміз – Қазақстан Республикасы атынан

30 жыл ішінде көптеген халық-аралық келісімшарттарға қол қойдық, мемлекеттік шекарамызды бекіттік. Осындай жағдайда мемлекетіміздің атауын өзгерту жауапсыз шешім болар еді. Бұл – ең алдымен, ұлттық қауіпсіздігімізге және халқымыздың бейбіт өміріне тікелей әсері бар өте маңызды мәселе.

Біз бүкіл ел болып Жаңа Қазақстанды құрамыз. Бұл – оңай шаруа емес. Жұртымыз жаңаша өмір сүруге бейімделуі қажет. Халқымыздың сана-сезімі, құндылықтары түбегейлі жаңаруы керек. Сонда ұлттың жаңа сапасы қалыптасады. Бір сөзбен айтқанда, барша еліміз жаңарады.

Жаңа Қазақстан бір күнде немесе бір жылда құрылмайтыны анық. Бұл – бүкіл қоғамды өзгертетін күрделі әрі ұзақ үдеріс. Мұны жүзеге асыру үшін бір ғана билік өрекет етсе, бұл, өрине, жеткіліксіз. Бүкіл ел болып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға жетеміз. Сол себепті, мен Жолдауымда Ұлттық құрылтай шақыру туралы бастама көтердім.

Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз екенін жақсы білесіңдер. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқапы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір топтама келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген.

Төл тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Оның көбі халқымыз үшін маңызды кезеңде өткізілген. Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болды. Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары жұртымызды ел қорғауға ұйыстырды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылды. Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды.

Егемендік кезеңінде Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өткізілді. Бұл жиында сырттағы қандастарымыз Атамекенге шақырылды. Ұлы көш Тәуелсіз Қазақстанға бет алды.

Қазақ құрылтайларының бәрі ел дамуына зор өзгеріс әкелген. «Кеңесшіл ел кемдік көрмейді» деген нақыл сөз содан қалса керек. Біз бабалар жолын ұстанып, Құрылтай шақыру дәстүрін жаңғырттық. Елдігімізді нығайтып, бірлігімізді бекемдейік деп, бүгін бәс қосып отырмыз. Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысын Ұлытауда өткізуге ұйғарым жасалды. Ұлық ұлыстың бастауында тұрған Жошы хан кесенесінің іргесіне ақ шатыр орнаттық. Мұның зор символдық мәні бар. Елдің бірлігі, ұлттың тұтастығы дегеніміз – осы.

Мен құрылтайға келер алдында тұтас елдің атынан ұлы Жошы ханның рухына қуран бағыштап, құрбан шалдым. Жаңа Қазақстанды құру жолындағы тарихи қадамның киелі жерден басталуы – жақсы ырым. Бәріміз бабалардың аруағы қолдап, ісіміз оңалған болсын деп тілейміз.

Ұлы даланың төрінде тұрған Ұлытау талай тарихи оқиғаның куәсі болған. Ел тағдырын айқындаған көптеген маңызды кеңестер дәл осында өткен. Киелі өлкеде Алтын орда өміршілері мен Қазақ хандарының ізі қалған. Біз ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тапсын деп осы жерге келіп отырмыз. Менің Жарлығыммен бұл өңірде жаңа облыс құрылғанын білесіңдер. Қасиетті өлкенің атауын жаңғыртып, оны Ұлытау деп атадық. Дербес облыс мәртебесі осы аймақты тын серпінімен дамытуға мүмкіндік береді. Жұмыс орындары ашылып, халықтың әлуақты жақсара түседі деп ойлаймын. Жаңа нысандар, солардың ішінде өлеуметтік кешендер бұл көтереді, туристік әлеуеті артады.

Облыстың алғашқы қадамы алқалы жиыннан басталуда. Ұлт ұясы – Ұлытаудың ғасырлар бойғы ұлы миссиясы қайта жалғасын тапты.

Енді, Ұлттық Құрылтайдың жұмысын ұйымдастыру мәселесіне тоқталсам.

Оның құрамында 117 адам бар. Құрылтайға барлық облыстың, сан түрлі саланың, өр буының өкілдері қатысып отыр. Біз көпті көрген ел ағаларының ақыл-кеңесіне жүгінеміз. Белсенді азаматтық ұстанымы бар отар буының төкпірбесін ескереміз. Жаңаша ойлайтын жастардың тың идеяларын қолдаймыз.

Құрылтайға Парламент депутаттары, саяси партиялар мен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері де шақырылды. Үкіметтік емес және кәсіби ұйымдардың өкілдері де шет қалған жоқ. Құрылтай құрамына өңірлік қоғамдық кеңестердің мүшелерін қостық.

Мен Ұлттық құрылтай атына заты сай болып, ел үмітін ақтайды деп сенемін. Бізде түрлі пікірталас алақандары бар. Бірақ, Құрылтайдың орны бір бөлек.

Құрылтай – кең ауқымды жиын. Бірақ, бұл жұмыстың сапасына кері әсер етпеуі керек. Отырыстарды мұқият ұйымдастыруымыз қажет. Бұл жерде шын мәнінде халықтың үні естілуге тиіс. Көз келген адамды Құрылтайға қатыстыруға болмайды. Жұрттың жыл-мұқатшын, талап-тілегін жеткізетін азаматтар бас қосуы керек. Бұл ел бірлігін нығайтатын, қоғамды ұйыстыратын тың идеялар орталығы болатынына көміп сенемін.

Құрметті қауым!

Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы мазмұнды болды деп айтуға болады. Халықтың көкейінде жүрген көптеген келелі мәселелер айтылды. Тың ойлар ортаға салынды. Оларға көңіл аударамыз. Ұсынстарды Құрылтайдың хатшылығы жинақтап, маған береді. Жазбаша пікірлеріңіз болса, жіберіңіздер. Құрылтай жұмысынан сырт қалған адамдардың ұсынстарына да көңіл бөлеміз. Ой-пікірлердің ешқайсысы елеусіз қалмайды. Оның бәрін зерделеп, маңызды бастамаларды міндетті түрде бірге жүзеге асырамыз. Жалпы, жұмысты күжілі, ұйымдасқан түрде жүргізуіміз керек.

ҰЛЫТАУ ҰЛТТЫҢ ҰЯСЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ І ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ҰЛЫТАУДА БАСТАЛҒАНЫ ДҰРЫС БОЛДЫ. КИЕЛІ ӨЛКЕМІЗ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ БІРЛІКТІҢ СИМВОЛЫНА АЙНАЛДЫ.

Осы орайда, мен тағы бір маңызды бастама көтергім келеді. Бұл жерде барлық рулардың таңбасы тасқа жазылған. Сол арқылы бабаларымыз ұлт бірлігін көрсеткен. Қаныш Сәтбаев «Еліміздің Ту тіккен жері – Таңбалы тас» деген. Өкінішке қарай, қастерлі жазулар кейін өбден бүлінді. Ел азаматтары Ұлытауға ескерткіш қойып, тастағы таңбаларды жаңғыртты. Бірақ, бұл жеткіліксіз деп ойлаймын.

Мұнда қазақтың бірлігін әйгілейтін сәулетті нысан тұруы керек. Мен Әулиеатаудың етегінде Мемлекеттік рәміздер алаңын ашуды тапсырамын. Қасиетті өңірде көк байрағымыз асқақтап тұруға тиіс. Сол арқылы ұрпақтар сабақтастығы жалғасып жатқанын көрсетеміз. Тамыры терең мемлекеттігіміздің жаңа дәуірі басталғанын білдіреміз.

Референдум арқылы Ата заңымызға енгізілген түзетулер құрамы енді. Біз басқа да заңдарды Конституцияға сай өзгертуіміз қажет. Халық шынайы жаңғыру болады деп күтіп отыр. Сол үшін референдумда бастамамызды қолдап, сенім мандатын берді. Енді, конституциялық реформаны жедел әрі толық жүзеге асыруымыз керек. Қазірдің өзінде маңызды өзгерістер болып жатыр.

Мен референдумға дейін партия қатарынан шықтым. 5 маусымнан кейін бұл шешім конституциялық нормаға айналды. Мемлекет басшысы барлық саяси күштерден дербес тұруы керек. Президенттің әрбір іс-әрекеті тек мемлекет мүддесіне арналуда тиіс.

8 маусымда шын жаңа облыс құрылды. Өңір басшылары Ата заңның жаңа талаптарына сәйкес тағайындалды. Мәслихат депутаттары дауыс беріп, өкімді мен ұсытқан азаматтардың ішінен таңдады.

Конституциялық өзгерістер, осылайша, кезең-кезеңімен қолданыла бермек. Жаңарған Конституция толыққанды қолданысқа енуі үшін елі көп жұмыс істеуіміз керек. Біз 20-дан астам жаңа заң жобасын әзірлеп, қабылдауымыз қажет. Сайлау туралы, саяси партиялар туралы және басқа да бірқатар заңдарды өзгертеміз. Бұл елді табысты жаңғырту тұрғысынан өте маңызды. Заңдарды қабылдау үшін бірнеше ай, тіпті, жарты жыл уақыт қажет болуы мүмкін. Бірақ, реформаны созып, арқаны көңге салуға болмайды. Жұрт нақты өзгерістердің қазір болғанын қалайды. Сондықтан, депутаттарымыз негізгі заң жобаларын осы кезден хинақты беруі керек. Сосын құрғ сессия басталғандан бірден іске кіріскен жөн. Басты заңдар жыл соңына дейін қабылдануға тиіс. Сонда ғана жан-жақты жаңғыруды жоғары қарқынмен жалғастыра аламыз.

Жалпы, конституциялық реформа саяси жүйенің тепе-теңдігін орнықтырады. Осы іс-шаралар халқымыздың мемлекетті басқару ісіне қатысуына мол мүмкіндік береді. Бұл – өте дұрыс. Мен мұны толық құптаймын. Себебі, сол арқылы жанажыр азаматтар ортақ іске жұмылады. Барлық шешімдер ел мүддесі тұрғысынан қабылданады.

Билік пен қоғамның өріпестігі Әділетті Қазақстанды құру ісінде айрықша рөл атқаруға тиіс. Осы орайда, референдум жаңа қоғамдық мәміленің негізін қалыптастырды. Біз ұлтты ұйыстыратын парасатын, тың идеялар мен ұсыныстарға айрықша мән беруіміз қажет. Бұл – Ұлттық құрылтайдың ең басты міндеті. Сондықтан, мынадай бағыттарға назар аудару қажет деп ойлаймын.

БІРІНШІ. Жалпыұлттық бірлікті нығайту

Біз демократия дәстүрі жетілген, мықты азаматтық қоғам құрамыз. Бұл – стратегиялық бағытымыз. Осы бағдарды берік ұстануымыз керек. Соңғы үш жылда бұл салада біраз нәтижеге жеттік. Билік пен халық арасында мазмұнды диалог орнаттық. Бұған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі зор септігін тигізгенін атап өткім келеді. Сол арқылы бірқатар озық идеялар ұсынылды. Митингілер туралы демократиялық заң шықты. Партиялық сайлау тізіміне өйелдер мен жастар үшін отыз пайыздық квота енгізілді. Қоғамдық кеңестердің жұмысы жандана түсті. Саяси жаңғыру бағдарларымыз арқылы оң бастамалар лайықты жалғасын табады сөзсіз.

Ұлттық құрылтайдың шақырылуы – ел өміріндегі елеулі оқиға. Құрылтайдың басты мақсаты – жаңа идеялар мен жасампаз қадамдар арқылы ұлт бірлігін нығайту. Біз, ең алдымен, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға айрықша мән беруіміз қажет. Сонымен қатар, қоғамды алға жетелейтін құндылықтарды қалыптастыруымыз керек. Халықтың болмысын және қоғамдық сананы жаңғыртпай, түбегейлі өзгеріс жасау мүмкін емес.

Біз орнықты демократиялық институттар құрамыз десек, саяси жауапкершілік мәдениетін дамытуымыз қажет. Шын мәнінде, нағыз отанышылдық қасиетті қалыптастыруға тиіспіз. Сонда радикализм мен экстремизмге тосқауыл қоямыз.

Демократия дегеніміз – керемет өмір туралы жалпылама ұғым, түсінік емес. Бұл – күнделікті тынымсыз еңбекті талап ететін өркениетті өмір салты. Атақұмарлар мен алаңқардың жалаң ұраны мен құрғақ жеткіздер алданбау қажет. Еліміздің болашағы үшін аса маңызды мәселелерді даудамаймен емес, ұтымды ой-пікірмен, парасатты пайыммен және саналы көзқараспен шешкеніміз абзал. Біз «түрлі көзқарас, біртұтас ұлт»

қағидатын берік ұстануымыз қажет. Бір-біріміздің ой-пікірімізді тындап, құрметтей білсек, алға қадам басамыз.

Біз демократиялық реформа жасаймыз деп, мемлекетті әлсіретуге еш жол бермеуіміз керек.

Мен «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» атты мақаламда еліміздің ең басты құндылығы – егемендік екенін атап өттім. Қаңтардағы қайғылы оқиғалардан кейін Қазақстанда саяси белсенділік күрт артты. Жаңа саяси партиялар және қозғалыстар құрылып жатыр. Қоғам белсенділері өлеуметтік желіде түрлі мәселелерді көтеріп жүр. Шыны керек, кейде мүлде ақылға сыймайтын пайымдар да айтылады.

Жұрт даулы мәселелерге наразылық білдіріп, көшеге шығатын болды. Занды белден басатын азаматтар да жоқ емес. Біртіндеп демократия жолына түсу кезінде мұндай жағдайлардың болуы – түсінікті. Бірақ, Заң талабы мүлтікіс орындалуға тиіс екенін ердайым есте ұстау қажет.

Заң мен тәртіп – ішкі тұрақтылықтың бірден-бір кепілі. Онсыз қоғамның дамуы мүмкін емес. Сондықтан, бұл қағида біздің ең басты бағдарымыз болуға тиіс.

Жалпы, отбасын асырау үшін табанды еңбек етіп жүрген, заңға бағынатын адамдар құрметке ие болуы керек. Өкінішке қарай, бізде көше бұзақылары, жауапкершіліктен журдай блогерлер және масылдық пийылмен айқай шығаратын адамдар бүгінгі күннің батырына айналды. Депутаттар мен атқарушы билік өкілдері соларға ғана баса мән беретін болды. Түрлі деңгейдегі шенеуніктер солардың ғана талабын орындауға жүгіреді.

Орталықтағы және аймақтардағы билік барлық азаматтың мұң-мұқажына бірдей қарауға тиіс. «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» көмегіне сеніп отырған, заңға бағынатын қарапайым жұрт назардан тыс қалмауы керек.

Елімізде өлі шешімін таппаған түйткілдер көп. Оған көз жума қарау қоғамда әділетсіздік жойылмайды деген теріс ой тұғызып, өлеуметтік депрессияға өкел соқтырады. Біз бар күш-жігерімізді салып, осы мәселені шешуіміз керек. Мемлекет пен халық мүддесін бөрінен бөлі қойғанда ғана, мақсатымызға жетеміз.

Нағыз мемлекетшіл адам қара басының қамын емес, халқының игілігін ойлауы керек. Мен баршаңызды дәл осындай отаншыл азаматтар деп санаймын.

Ұлтымыз бірлік пен тәуелсіздік мұраттары жолында ұйысуы қажет. Ұлттық құрылтай мүшелері осы мақсатқа бар күш-жігерін жұмсайтынына көміп сенемін. Сонда ғана озық демократия дәстүрін қалыптастырамыз, Әділетті және Жаңа Қазақстанды құрамыз.

ЕКІНШІ. Реформалардың мән-

маңызын халыққа түсіндіру Ең бастысы, біздің бағдарымызды халықтың басым көпшілігі қолдап отыр. Азаматтарымыз елімізді түбегейлі өзгеріс болатынына сенеді. Дегенмен, референдум табысты өтті екен деп, босануға болмайды. Нағыз жұмыс енді басталды.

Реформаны жүзеге асыру барысын елге ұдайы түсіндіріп отыруымыз керек. Қазірдің өзінде жаңғыру үдерісі біртіндеп жалпыұлттық сипатқа ие бола бастады. Шын мәнінде, жаңғырудың өсерін әрбір азаматымыз сезінуі қажет. Елдегі өзгеріске өркім өз ісінде қараса, шын мәнінде, жаңару жолына түсеміз. Мұны еліміздің әрбір азаматы терең түсінгені жөн.

Сіздер еліміздің түкпір-түкпірінен келіп отырсыздар. Тұрғындармен жиі кездесесіздер. Реформаның мән-маңызын елге жан-жақты түсіндіру қажет. Қазір – интернет дәуірі. Жастар өзіне қажет мәліметті ғаламтордан алады. Дәстүрлі ақпарат құралдарымен қатар, өлеуметтік желіге баса мән беру қажет. Жаңғырудың маңызын ұрпақ санасына сіңіру үшін жаңа тесілдерді қолдану керек. Жалпы, түсіндіру жұмысы кезінде жастарға айрықша назар аударған жөн. Өйткені, бүгінгі реформалардың игілігін ертең солар көреді. Біз не істесек те бөріін ұрпақ үшін істеп жатырмыз.

Өрине, бұл жұмыстан қоғамның басқа өкілдері де тыс қалмауға тиіс. Жаңа қоғам құрып, жаңа сананы қалыптастыру ісіне бүкіл елді ұйыстыру қажет. Осылайша, Құрылтай реформаларды жүзеге асыруға жан-жақты атсалысады. Түптеп келгенде, Ұлттық құрылтай негізгі азаматтық қоғам институт-тарының біріне айналуға тиіс.

ҮШІНШІ. Жаңа технологиялар арқылы халықты ауқымды реформаларға қатыстыру

Құрылтайға қанша адам кірсе де, қоғамды толық қамти алмайды деген пікір айтылып жүр. Бірақ, Құрылтай мүшелерін көбейте берсек, одан пайда болмайды. Бұдан жұмыстың берекесі қашып, ұйымдастыру ісі қиындап кетуі мүмкін.

Құрылтай – белгілі бір адамдар ғана бас қосатын жер емес. Ол, шын мәнінде, жалпыұлттық жиынға айналуы керек. Бұл – өте маңызды міндет.

Біз Жаңа цифрлық технологияның мүмкіндігін кеңінен пайдалануымыз қажет. Сонда мемлекет пен халықтың қарым-қатынасы барынша тиімді болмақ.

Мен Qylytau деген арнайы мобильді қосымша әзірлеуді ұсынамын. Сол арқылы халық елді жаңғырту туралы ой-пікірін онлайн режимде айта алады.

Жұрт реформаның нақты пайдасын көруі қажет. Сондай-ақ, оған тікелей қатысуға мүмкіндігі болуы керек. Азаматтар өзекті мәселелер бойынша интерактивті сауалнамаға қатысады. Кез-келген түйткілді шешу жолын

ұсынып, елімізді жаңғыртуға өз үлесін қоса алады.

Қайырымдылық істерді үйлестіретін түсінікті әрі тиімді электронды сервисті іске қосуға болады. Мұның бәрі цифрлық демократияны дамытатын технологиялық платформаның негізін қалайды. Дамыған мемлекеттер осыған ұмтылып жатыр. Біз ғаламдық өркениеттің көшінен қалып қоймауымыз қажет. Ұлттық құрылтайдың электронды нұсқасын жасаған жөн. Сонда әрбір азаматымыз ортақ іске атсалысады.

Құрметті Құрылтайға қатысушылар!

Мен елімізді дамытуға қатысты бірнеше маңызды мәселеге тоқталғым келеді. Жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайта түсу – ең басты міндеттің бірі. Жаңа Қазақстан дегеніміз – ең алдымен, құндылықтардың жаңаруы. Сондай-ақ, қоғамдағы қарым-қатынас мәдениет-інің өзгеруі. Мен осыған дейін де бұл туралы бірнеше рет айттым.

Тағы бір маңызды жұмыс – бұл тарихи әділдік орнату. Бір кездері ұмытылып кеткен ұлт перзенттерінің есімін қайта жаңғыртуымыз керек. Ел тағдырын айқындаған тарихи оқиғаларға лайықты баға берген жөн. Соңғы екі жылда бұл бағытта көптеген жұмыс атқарылды. Ұлтымыздың көрнекті тұлғаларының есімі ардақталды. Тарихи даталар қалпына келтірілді. Осылайша, еліміздің шынайы шежіресі жазылып жатыр. Өткенге әділ баға берілмесе, жарқын болашақтан үміт күту қиын. Мұны терең түсінген абзал.

Мен былтыр еліміздің академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазу туралы тапсырма бердім. Қазір Қазақстан тарихының көп томдығы әзірленіп жатыр. Белгілі ғалымдарымыз жұмылып, осы маңызды іске атсалысуда. Мен өзім де бұл жұмысқа үлесімді қосамын. Оны келесі жылдың ортасында түбегейлі аяқтау керек. Дегенмен, мәселе уақытта емес, сапада. Тарихымыз жүйелі, шынайы, ең бастысы, тәуелсіз елдің көзқарасымен жазылуы керек. Ғылым және жоғары білім министрлігін мұны айрықша қадағалауды тапсырамын. Қажет болса, шетел ғалымдарын да тартуға болады.

Біз – тарихтан тағылым ала білген халықтыз. Бүгін қайта жалғасын тапқан Құрылтайды төл тарихымызға тағзым деуге болады. Осы Құрылтай да ертең ұлт шежіресінің бір белесіне айналатыны анық.

Елдің тарихи жадын жаңғырту үшін үйлесімді саясаттың болуы ерекше маңызды. Осы орайда, біз ел дамуының жаңа басымдықтарын белгілеп алудымыз керек. Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн.

Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек.

1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды, тіпті шешуші рөл атқарды.

Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Өрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталмады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек.

Саяси реформаны мерекелер күнтізбесімен ұштастыруымыз бекер емес. Бұл қадам қоғамда жаңғыртады және ел бірлігін нығайта түседі деп санаймын. Біз ауқымды реформа жүргізу арқылы билік пен қоғамның қарым-қатынасын түбегейлі өзгертеміз. Яғни, олардың арасында бұла өзара серіктестік пайда болады. Бір сөзбен айтқанда, азаматтарымыздың ел басқару ісіне қатысу мүмкіндігін арттырамыз. Өр адамның жетістігі тұтас еліміздің табысты болуына жол ашады.

Біздің қоғамның ынтымақ-бірлігі мүлде жаңа сипатқа ие болды. Алдымызда ауқымды жұмыс бар. Жаңа Қазақстан идеясын іске асырамыз десек, аянбай еңбек етуіміз керек. Шын мәнінде, елді еңбекқорлық қана көркейтеді. Табысқа жетуеді ең басты кілті – еңбек.

Ұлы Абай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп есиет қалдырды. Еңбекқорлық біздің негізгі құндылығымыз болуы қажет. Оны ұлт сипатын айқындайтын асыл қасиетке айналдыруға тиіспіз. Табаңды еңбек – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын басты формуланың бірі. Тіпті, бірегейі деуге болады.

Өлемде еңбекті бәсекелестік деңгейіне көтерген мемлекеттер бар. Соның арқасында олар сапалы өнімдермен жер жүзін мойындаытып отыр. Бұл халықтар өз ұрпағын жас кезінен тынбай жұмыс істеуге баулиды. Солардың тәжірибесін өзімізге бейімдеп, бала тәрбиесіне енгізу жайын қарастыраған жөн.

Халқымыз «Еңбек – ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы» деп бекер айтпаған. Жаңа Қазақстанда еңбекқор адам ең сыйлы адам болуға тиіс. Біз ескеңеп ұрпақты адал еңбекке баулып, жаһандық нарыққа бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеуіміз қажет. Мандай термен тапқан өр тыын – нағыз ардың ісі. Алай айтқан «толық адамның» еңбегі екенін жастардың санасына тоқуымыз қажет.

Біздің бұрынғы бір министрміз бауырлас көрші мемлекеттің азаматтарын келеке қылғаны бар. Олар Ресейге барып, қара жұмыс істеуге мәжбүр, ал біз, қазақтар, ондай жұмысты істемейміз, бақытты

халықпыз деп айтқан.

«Естімеген елде көп», өрине. Бірақ, бұдан өткен сорақылықты ойлап табудың өзі қиын. Еңбектен қашқан адам кеудесін ұрып, мақтанбай, керісінше, ондай өрекетінен уялуы керек. Еңбек дегеніміз – бұл қасиетті ұғым. Адал еңбекті күлкі етіп, мазақ қылуға болмайды. Мұндай теріс пікірлер жастарды адастырады, олардың дүниетанымына жағымсыз әсер етеді. Тіпті, кейде жастарымыз жұмыстан қашып, жеңіл табыс көзін іздеп жатады. Ақыр соңында, мұның бәрі бүкіл халықтың абырой-беделіне нұқсан келтіреді.

Қазақ – қолы ашық, қайырымды, қонақжай халық. Бұған ешкімнің таласы жоқ деп ойлаймын. Бірақ, өлемде осындай қасиеттерге ие халықтар аз емес. Жастарымыз, ең алдымен, зияткерлік қабілеті жоғары, ойы ұш

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН НЕМЕСЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ БОЙЫНША КОНКУРСҚА ҰСЫНЫЛАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

№	Жер учаскесінің орналасқан жері,жер учаскесінің лот №	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі	Жалға беру мерзімі,жыл	Ж а л ы ауданы, га	Ақпаптардың құрамы оның ішінде				Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл	Сумен қамтылуы
					Егістік	Жайылымдық	Шабьндық	Басқа жерлер		
1	Лот 1, учаске №1, Қайыңды а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1000,0	-	998,5	-	1,5	11	қамтылмаған
2	Лот 2, учаске №1 Саралжын а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	100,0	-	99,6	-	0,4	11	қамтылған
3	Лот 3, учаске №1 Қараой а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1000,0	-	998,2	-	1,8	11	қамтылған

ЕСКЕРТПЕ !!!

ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒА БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ҚАТЫСУШЫ КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН МЫНАДАЙ ҚҰЖАТТАР ҰСЫНАДЫ:

- 1)конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
2) конкурстық ұсыныс;
Конкурстық ұсыныста:
1)Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануар-ларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);
2)Шаруашылықішілік жерге орналас-

тыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;
3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сөйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертарاپтан-дыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды,

фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндет-темелер қамтылуға тиіс.
Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазыл-ған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші бас-шының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәлан-дырылады.
Конкурсқа қатысуға арналған өтінім-

дерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң, 15 (он бес) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығары-латын жер учаскелерінің орналас-тыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «ОТДЕЛ ПО ЗЕМЕЛЬНЫМ ОТНОШЕНИЯМ УИЛСКОГО РАЙОНА» ОБЪЯВЛЯЕТ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) НА ЗЕМЕЛЬНЫЕ УЧАСТКИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА.

№	Номер лота и место расположения земельного участка	Целевое назна-чение земель-ного участка	С р о к щ а д а , га	П л о - щ а д ь , га	Состав угодий в том числе				Средний балл бонитет	Оснащен реклами, озерами
					Пашня	Пастбища	Сенокос	Другие земли		
1	Лот 1, участок №1, сельский округ Кайыңдинский	Для ведения к/х	10-49 лет	1000,0	-	998,5	-	1,5	11	Не оснащен
2	Лот 2, участок №1 Саралжинский с/о	Для ведения к/х	10-49 лет	100,0	-	99,6	-	0,4	11	Оснащен
3	Лот 3, учаске №1 Караойский с/о	Для ведения к/х	10-49 лет	1000,0	-	998,2	-	1,8	11	Оснащен

ПРИМЕЧАНИЕ !!!

ДЛЯ УЧАСТИЯ В КОНКУРСЕ ЯВЛЯЮЩИЙСЯ ФИЗИЧЕСКИМ И ЮРИДИЧЕСКИМ ЛИЦАМИ ПРЕДСТАВЛЯЕТ СЛЕДУЮЩИЕ ДОКУМЕНТЫ:

- 1) заявка на участие в конкурсе;
2) конкурсное предложение;
В конкурсном предложении:
1) Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания и возделывания сельскохозяйствен-ных культур, поголовье сельско-хозяйственных животных, примен-яемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

- 2)разработка и освоение внутрихозяйственного землеустрои-тельного проекта, выполнение мероприятий по развитию инфра-структуры сельского хозяйства;
3) обязательства по выполнению требований земельного законода-тельства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельско-хозяйственного назначения, выпол-нению индикативных показате-лей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со спец-

иализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехно-логий, фитосанитарных и карантин-ных требований.
Предложения представляются в запечатанном конверте, пронумеро-ванным, прошитыми или несмы-ваемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участника – для физических лиц (или поверенного) и подписью первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц.
Прием и регистрация заявок на учас-

тие в конкурсе производится по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня опубликования извеще-ния о проведении конкурса, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней. С схемой размещения земель-ных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполни-тельного органа, в информационных уголках сельских округов и районного отдела земельных отношений. Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» по телефону 8(71332) 2-18-80

2022 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ҚАҰЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Жергілікті атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргі-етін адамның тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні	Мемлекеттік мекеменің орнал-асқан жері,байланыс телефоны
«Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Косдаулетов Иргизбай Түлеуович, Қайыңды ауылдық округінің өкімі	1,8,15,22,29 шілде 5,12,19,26 тамыз 2,9,16,23,30 қыркүйек	Ақжар ауылы, Мектеп көшесі № 6 үй, Тел: 74-8-10

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» ММ-СІ СЫБАЙЛАС ЖЕМКОРЛЫҚ ФАКТІЛЕРІ АНЫҚТАЛҒАН ЖАҒДАЙДА ТӨМЕНДЕГІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫНА ХАБАРЛАСУДЫ СҰРАЙДЫ. СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫНЫҢ НӨМІРІ 74-8-14. СОНЫМЕН ҚАТАР ӘКІМШІЛІК ҒИМАРАТЫНДА ҰСЫНЫС – ПІКІР САЛУ ҮШІН СЕНІМ ЖӨШІГІ ОРНАТЫЛҒАН.

ЖҮРЕК ОРТАЛЫҒЫНДА АУТОТРАНСФУЗИЯ БОЙЫНША ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ ӨТТІ

Үздіксіз білім алу және шеберлік сабақтарға қатысу Жүрек Орталығы қызметкерлерінің жұмысының маңызды бөлігі болып табылады. Жаңа білім мен халықаралық тәжірибе соңғы жетістіктерге қатар жүруге және отандық медицинаны дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша, 2022 жылғы 7-8 маусымда Орталық қабырғасында кезекті шеберлік сабағы ұйымдастырылып, қатысушыларға аутоотрансфузия жүйесі ұсынылды.

Аутоотрансфузия (ATS) – пациентке хирургиялық араласу кезінде жиналған және сүзілген өз қанын қуя өдісі. Бұл жүйе донорлық қанға қажеттілігін азайтады, пациентті қалпына келтіру уақытын және медициналық қызметтерге арналған шығындарды қысқартады.

Шеберлік сабағының екі күн ішінде Жүрек Орталығының қызметкерлері LivaNova компаниясының аутоотранс-фузиялық жүйесімен танысты. Оң бағдарламасына астаналық және Алматы, Шымкент, Тараз, Қарағанды қалаларының медициналық орталықтарының перфузиолог дәрігерлері, кардио-хирургтар және анестезиологтар қатысты.

«Жасанды қан айналым аппаратының көмегімен ашық жүрекке операция жасау кезінде қан қуя жиі қажет. Аутоотрансфузия өдісі операциядан кейінгі инфекциялардың, соның ішінде бүйрек жеткіліксіздігінің

дамуының қаупін азайтады. Бұл жүйе көптеген артықшылықтарды көрсетеді, сондықтан оны одан әрі енгізу қан өнімдерін пайдаланудың дәстүрлі әдістеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін», - деді Жүрек Орталығының қосымша қан айналымы зертханасымен опера-циялық бөлімшенің меңгерушісі Рымбай Қалиев.

Қатысушылар бағдарламаның теориялық бөлімімен, ғылыми мақалаларымен және кардиохирургия саласындағы аутоотрансфузияның артықшылықтарымен танысты. Практикалық бөлімінде аппараттың жұмыс істеу принципі таныстырылды, оның барысында қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды.

«Екі күн ішінде біз жүрек-өкпе хирургиясы саласындағы соңғы біліммен бөлісуге мүмкіндік алдық және кардиохирургтармен осы салада не жақсартуға болатындығы туралы белсенді пікірталас өткіздік. Біз Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген көптеген перфузиологтармен кездесіп, пайдалы тәжірибе алдық. Жүрек Орталығына шеберлік сабақты ұйымдастырғаны және қонақжайлылығы үшін алғыс айтамын», - деп бөлісті Liva Nova компаниясының өкілі, клиникалық перфузиолог Youssef El Dsouki.

Жүрек Орталығының баспасөз қызметі

В ЦЕНТРЕ СЕРДЦА ПРОШЕЛ МАСТЕР-КЛАСС ПО АУТОТРАНСФУЗИИ

Непрерывное обучение и участие в мастер-классах являются важной частью работы сотрудников Центра Сердца. Новые знания и международный опыт позволяют идти в ногу с последними достижениями и развивать отечественную медицину. Так, очередной мастер-класс был организован 7-8 июня 2022 годов стенах Центра, на котором участникам была представлена система по аутоотрансфузии.

Аутоотрансфузия (ATS) – метод переливания пациенту собственной крови, собранной и отфильтрованной во время проведения хирургического вмешательства. Данная система снижает необходимость донорской крови, сокращает время восстановления пациента расходы на медицинские услуги.

В ходе двух дней мастер-класса сотрудники Центра Сердца ознакомились с аутоотрансфузионной системой компании Liva Nova. В учебной программе также приняла участие врачи перфузиологи, кардиохирургии и анестезиологи столичных клиник и медицинских центров Алматы, Шымкента, Тараза и Караганды.

«Переливание крови часто необходимо при операциях на открытом сердце с использованием аппарата искусственного крово-обращения. Метод аутоотран-сфузии позволяет снизить риски

послеоперационных инфекций, включая развитие почечной недостаточности. Эта система показывает множество преимуществ, поэтому дальнейшее ее внедрение может значительно повлиять на традиционные методы использования продуктов крови», - отметил Рымбай Қалиев, заведующий операционным отделением с лабораторией вспомогательного кровообращения Центра Сердца.

Участники ознакомились с теоретической частью программы, научными статьями и преимуще-ствами аутоотрансфузии в области кардиохирургии. Практи-ческая часть включала презентацию аппарата, во время которой участники смогли задать интересующие вопросы.

«В течение двух дней у нас была возможность поделиться последними знаниями в области сердечно-легочной хирургии, и мы провели активную дискуссию с кардиохирургами о том, что можно улучшить в этой сфере. Мы познакомились со многими перфузиологами со всего Казахстана и получили полезный опыт. Благодарю Центр Сердца за организацию мастер-класса и гостеприимство», - поделился Youssef El Dsouki, клинический перфузиолог, представитель компании LivaNova.

Пресс-служба Центра Сердца

«ҚАРТТАРҒА КӨМЕКТЕСЕЙІК» АКЦИЯСЫ



Ата- бабадан жалғасып келе жатқан қазақ халқының өнегелі қасиетінің бірі- қариясын құрметтеу. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп бекер айтылмаса керек. Қазақ халқы қашанда қариясына ізет пен құрмет көрсеткен. Осы орайда өткен аптада Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы КММ мамандарымен, Ойыл аудандық мәдениет үйінің жастар комитеті

бірігіп Жолдығали Сатығалиев атаның үйіне «Қарттарға көмектесейік» акциясын ұйымдас-тырды. Акция барысында ата-әженің ауласын шөптерден тазартып, жинап берді. Мейірім мен қолдауды, соны-мен қатар қол-көмекті қажет ететін осындай қарттарымызға демеу болатын «Жас келсе іске» деген ұранды алға тартатын жастарымыз көп болғай.

«ЖАС КЕЛСЕ ІСКЕ» «ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖАСАҚШЫЛАРЫНЫҢ БІР КҮНДІК ТЫНЫСЫ

Биыл да Ойыл ауылдық округі әкімдігі арқылы жастар «Жасыл ел» жасағына қабылданды. Жалпы аталған бағдарлама елімізді көгалдандыру мен тазалық сақтауға, жас ұрпақтың бойына патриоттық және экологиялық тәрбие беруімен ерекшеленеді. Бағдарламаның тағы бір тиімді тұсы- жастарды еңбекке тарту. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан шара биыл да жалғасын тапты. «Жасыл ел» еңбек жасағына Ойыл ауданының жастары тартылып, тиісті жұмыстар басталып кетті. Айлық жалақылары тұрақты. Қазіргі таңда «Жасыл ел» жасақшылары аудан орталығындағы Тәуелсіздік саябағы, Ойыл ауданына кіреберіс қапталында орналасқан

саябақта және Көкжар, Жолмырзаев, Шернияз, Абай көшелерінде алғашқы көмек көрсете білу керек. «Бір жылдығыңды ойласаң, егін ек, он жылдығыңды ойласаң, ағаш отырғыз, ал жүз жылдығыңды ойласаң, білімді ұрпақ өсір», - деген халық даналығы. Ендеше болашағымыз жастар десек, білім алушы сол өрендерді жұмыспен қамти отырып, олардың бойына патриоттық тәрбие беріп, еңбекке деген құлшынысын аттыра отырып, Ойыл жастар ресурстық орталығымен ұйымдастырылған іс- шаралар, акциялар, кездесулерге қатысырып, жастар тынысына араластыру басты мақсат.

СУДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ!



Жаздың ыстық күндерін асыға күткен адамдар өзен-көлге шомылуға, балық аулауға асығады. Өкпінше орай, кейбіреулер үшін жағажайдағы демалыс өмірінің соңғы сәтіне айналып жатады. Жаксы жүзетін адам үшін су қорқынышты емес. Бірақ жүзе білетін адам да суда болғанда арнайы ережені сақтауы керек. Суда тәртіпті сақтамау адамдарды бақытсыздыққа және адам өліміне өкеп соқтырады. Атап айтсақ, ағымдағы жылдың 4 маусым күні Ырғыз ауданында үлкендердің қарауынсыз қалған 4-5 жастағы 3 бала суға батып, мерт болды.

Өрбір ата-ана жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақытындағы іс-әрекеттеріне көп көңіл бөлгендері абзал. Табиғат аясында, өзендерде суға шомылғанда абай болғандарыңыз жөн. Ересектерсіз суға түсуге, ата-аналардың, ересек жастағы адамдардың спирттік ішімдік ішкен күйде суға шомылуына тыйым салынады. Жүзу білмесіздік немесе өзіңізге белгісіз (ағысы қатты, терең, жар-қабақтар) жерлерге шомылмау керек. Ойыл өзені бойында тыйым салынған аймақтарда шомылуға жол бермеңіздер. Тыйым салынған аймақтарда шомылған суға түсушілерге ҚР ӨҚБТК-нің 364 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Суға шомылу кезінде төтенше жағдай орын алған жағдайда 101 немес 112 нөміріне хабарласуларың-ызды сұраймыз. 103 нөмірі арқылы медициналық жедел жәрдем шақырту

қажет. Медициналық жедел жәрдем келгенге дейін зардап шеккенге алғашқы көмек көрсете білу керек. Төменде зардап шеккен, су жұтқан кездегі көрсетілетін алғашқы көмектің кейбір өдістері келтірілген:

Су жұту - тыныс алу жолдарын сұйықтықпен немесе сұйық массалармен толтыру. Су жұту белгілері болып, ауыздан көбік бөлу, жүрек қызметінің және тыныс алудың тоқтауы, көз ұлпасының кеңейуі, тері жамылғыларының көгеруі табылады. Алғашқы көмек – ауыз қуысын тазарту, сосын зардап шеккенді құтқарушының жамбасына қойып, бұл кезде зардап шеккенің басы жерге қарай салбырап тұруы, кеудесі мен арқасын қаттырақ қысу арқылы іштей және еkleдегі суды шығару керек. Бұдан кейін тездеітп жасанды тыныс алдыруды жүргізеді.

Белбеулерді, тартпаларды, орамалдарды және т.б. қолдану өдісі: Жүрек қызметін қалыпқа келтіру үшін жасанды тыныс алдырумен қатар жүрекке массаж жасау керек. Жүрек аймағына өрбір 5-6 басу арқылы жөбірленушінің аузы немесе мұрны арқылы ауа үрлейді. Мұны тыныс алу және жүрек соғуын толық қалыпқа келгенше жасайды.

Жүрек қызметі және тыныс алу қалыпқа келгеннен кейін жөбірленушіні жылытып, жамылдырып және медициналық пунктке жеткізу керек.

Есіңізде болсын! Өздеріңіз суға түсу ережесін біліңіз және өз балаларыңызды үйретіңіздер!

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1645 таба. Тапсырыс № 812 Көлемі 1 баспа дана, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспанасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ХАЛЫҚ СУДЬЯСЫ



«Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» қаулы жобасы мақұлданыуына байланысты былдан бастап 24 маусым – жаңа кәсіби мереке - «Судья және сот қызметкерлері күні» ретінде атап өтеледі.

Осы мереке қарасаңында сот саласында ұзақ жыл қызмет еткен тасқа шалса да жүзі қайтпайтын алдаспандай, түрлі даулы мәселелерде қара қылды қақ жара әділдік айтқан, атқарған еңбектері көзге көріне бермей тасда қалатын, ел мүддесі үшін жанын қиюға да дар азаматтар мен қауіпсіздік үшін жар құлағы жастыққа тимей жүрген ел ағаларының еңбектері өлшеусіз, құрметке лайық тұлғалардың бірі осындай тәуелсіз еліміздің-тәуелсіз соты саласында, елге қызмет етіп келе жатқан Сабилә Нұғметованың еңбек жолы мен өмірі бүгінгі буынға өнеге.

Сабилә Нұғметова 1949 жылы 3 сәуірде Ресей Федерациясының Орынбор облысы Белозерский ауданы Олышанка ауылында дүниеге келген. Бала кезден алғыр болып өскен ол ауыл іргесіндегі білім ордасының табалдырығын аттаған. Үлкеннің айтқанын екі етпей қағып алатын, мектепке үлкен дайындықпен барып ұстазынан жақсы баға алуды алдына мақсат етіп қойған дарынды жас, сыныптағы алдыңғы қатардағы оқушылардың бірі болған. Мектеп бағдарламасын еркін меңгеріп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан Сабилә жанындағыларды бір өдіске үйіріп алып кететін ұйымдастырушылығының арқасында мектепті бітірген соң,

С.ШАЙМАКОВА,
Ойыл аудандық сотының бас маманы

Сабындыкөл ауылында мәдениет үйінің меңгерушісі болып еңбекке араласты. Қоғамдық ортамен байланысы бар, өзі де өнер мәдениетке жақын, жалындап тұрған жас осы салада бір жыл қызмет етіп, 1967 жылы аудандық сот қызметіне жас маман - сот орындаушысы болып орналасады.

Қолынан іс келетін жас қай саланың да сұранасына ие. Қолы тиген қай жұмысты да жандандырып жіберетін Сабилә алай 1975 жылы Қазақ мемлекеттік университетін «Заңгер» мамандығы бойынша тәмамдап, заң саласында қызметін жалғастырады. 1983-1985 жылдары аралығында Қобда аудандық сотының судьясы, 1985 жылдан 2000 жылдар аралығында Қобда аудандық сотының төрағасы, 2000 жылдан 2008 жылдар аралығында Ойыл аудандық сотының төрағасы қызметін атқарып, 2008 жылы құрметті демалысқа шыққан, отставкадағы судья, Қазақстан Республикасының Судьялар Одағының мүшесі, ал 2008 жылдан бастап осы күнге дейін Ақтөбе облыстық адвокаттар алқасы құрамында адвокат болып қызмет атқарады.

Сабилә Галеевна еңбек еткен жылдары Қазақстан Республикасы Жоғары сотының Алғыс хатымен, Судьялар Одағының «Құрмет» белгісімен, марапатталып, Қобда ауданының «Құрметті азаматы» болды.

Осындай кәсіби мерекесі қарсаңында мерекесімен құттықтай отырып, отбасына береке, қызметіне толағай табыстар тілейміз.

«КӨГІЛДІР АСПАН АЯСЫНДА»

Жаз - балалардың демалып, бой жазатын мезгілі. Осы орайда балалар демалысын тиімді пайдалану мақсатында Ойыл аудандық мәдениет үйінің ұйымдастырумен орталық саябақта «Көгілдір аспан аясында» атты бағдарламалық шара өтті. Орталық саябақта жиналған бүлдіршіндер екі топқа бөлініп «Көңілді старт» эстафетасына қатысуынан басталды. Бұл сайыста жылдамдық пен тапқырлық танытса, каргоке батл сайысында өн шырықп, өз өнерлерін ортаға салды. Ал педагогикалық ойындарда шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Әрбір ойындары қызықты

ұйымдастырылған шарада бүлдіршіндер таза ауада белсенділікті дөріптеп, ойын арқылы салауатты өмір салтын насихаттады.

Сонымен қатар тарихи мультфильм көрсетіліп, Ойыл аудандық орталық кітапхананың «Бақытты балалық шақ балалар әдебиетінде» атты кітапхана қорындағы балаларға арналған әдебиеттер жайлы кеңінен таныстырылды.

Шара соңында сайыстардың жеңімпаздары естелік сыйлықтармен марапатталып, барлық балаларға балмұздақ таратылды.

Гаухар АБАЙҚЫЗЫ.



«ЖАС ТҮЛЕК- 2022» ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРТЕҢІ



Ойыл ауданының білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарында мектеп дәстүрлерінің сабақтастығын сақтау, отансүйіштік пен әлеуметтік жауапкершілікті, ұстаздарға, ата-аналарға, мектептегі достарына алғыс сезімін, туған мектепке деген құрмет пен сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатында өткен бейсені мектеп бітіруші түлектерге аттестат тапсыру рәсімі өтті.

Салтанатты жиынға облыстық білім басқармасы өкілі Гаухар Қазиева,

аудан өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев қатысып, оқу жылының сәтті аяқталуымен құттықтады. Жас түлектерге ақ жол тілеп, ағы мен қарасы қатар жүретін өмір жолында жолдарың ашық, мұраттарың биік болсын деп ізгі ниеттерін жеткізді.

Айта кетейік, биыл Ойыл ауданы бойынша мектепті 163 оқушы бітіріп, 120 түлек Ұлттық бірыңғай тестілеуде бағын сынауда. Оның ішінде 17 оқушы «Алтын белгі», 14 оқушы «Үздік аттестат» иелері.



Ойыл ауданының тұрғыны

Бауырымыз, адай руының атпалдай азаматы Шауменов Алтынбек Сағынғанұлын 60 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын тілейміз.



Ел үшін еңбек еттің, аянбадың, Сол жолдың бар бақытын баяндадың. Жарқырап, ұлдарының – жұлдыздары, Алпысқа аппақ Айдай аялдадың.

Аңқылдап қуана бер, ақтарылып, Басыңа жарқырасын бақ та күліп. Әке болдың асқар тау – тұғырыңда, Ата бол, алпыс жаста атқа мініп.

Немерең топтан озып, бөйге алғанда, Шөберең аспандағы айды алғанда, Тағы да дүркіретіп той жасармыз, Өзіңіз абыз шалға айналғанда.

Құттықтаушылар: бауырлары

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ - ОРТАҚ МІНДЕТ



Өткен аптада аудан басшысы Асқар Қазыбаевтың төрағалығымен және аудан прокуроры Нұрлыбек Жоләев, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Дархан Ғалымжанов және бірқатар мекеме басшыларының қатысуымен Ақтөбе облысы өкімімен бекітілген «2021-2022 жылдарға арналған бетеннің мүлкін ұрлаудың алдын-алуға қатысты ведомстваралық іс-шаралар жоспары» мен «2020-2025 жылдарға арналған құқық бұзушылықтың алдын-алуға жұртшылықты тарту жоспары» тармақтарының орындалуын талқылау, қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында отырыс өтті.

2022 жылдың 5 айында аудан аумағында орын алған қылмыс пен қылмысқа қатысты өткен жылдың осы кезеңімен салыстыра отырып талдау жүргізілді. Жиында криминалендік аумақтарды патрульдеу қоғамдық тәртіпті сақтаудың басты міндеті болып табылатындығын, құқық бұзушылықтың алдын алуға

жұртшылықты тарту мақсатында аудандағы кәсіпорындар және ұйымдармен жасалған меморандумдардың орындалуы, рейдтік жұмыстардың ұйымдастырылу деңгейлері, ақпараттық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, видеобақылау қондырғыларының қылмыс пен құқықбұзушылықтарды алдын алу мен ашуды тиімділігі, бас бостандығын айыру орындарынан босап келген және пробация қызметі есебінде тұрған азаматтарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, мал бағуды ұйымдастырудың қажеттілігін тұрғындар арасында түсіндіру, жылқы малын таңбалау және джип-трекерлер орнату, жастар мен көмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтарды алдын-алу шаралары және өзге де сұрақтар талқыланды. Жасалған бірқатар жұмыстардың бар екендігін ескере отырып, аудан басшысы мен прокуроры тарапынан бірқатар ұсыныстар мен тапсырмалар берілді.

АУЫЛ СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗҒЫ СПАРТАКИАДАСЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ

ӨТКЕН АПТАНЫҢ ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ЖЫЛ САЙЫН ЖАСТАР АРАСЫНДА ДӘСТҮРЛІ ӨТІП ЖҮРГЕН АУЫЛ СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗҒЫ АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДАСЫ САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ӨТТІ. БИЫЛ ЖАРЫС ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ. АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДАНЫҢ БИЫЛҒЫ ЕРЕКШЕЛІГІ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ, Яғни ТЕҢГЕ ІЛУ, АСЫҚ АТУ ЖӘНЕ БЕСТАС ОЙЫНДАРЫМЕН ТОЛЫҚҚАН. АУЫЛ ЖАСТАРЫНЫҢ ЖАЗҒЫ СПАРТАКИАДАСЫН АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ АШЫП, СПОРТШЫЛАРҒА СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ.

Жарыс салтанатты ашылған соң, жазғы спартакиаданың сайыстары басталып кетті. Ауыл спортшыларының басын біріктіретін осынау бөсекеге 400ге жуық спортшы спорттың 11 түрінен волейбол, футбол, қазақ күресі, қол күрес, пір тасын көтеру, 100 метрге жүгіру, асық ату, үстел теннисі, аударыспақ, теңге ілу, тоғызқұмалақ сынды спорт түрлерінен жүлделерді сарапқа салды.

Жыл сайын дәстүрлі жарысқа қатысушылар қатары артып келеді. Екі күн бойы тартысқа толы болған дүбірлі додаға спортшылар жоғары дайындықпен келген. Жалпы сайыскерлердің басым көпшілігі спорттың биік шыңдарын бағындырғандар. Әр спортшы өз ауылының намысын қолдан бермеуге тырысты.

Дода бар жерде мәре бар. Жарысқа қатысуға өз ықыластарын білдірген командалар өдемі ойын өрнегін көрсетті. Тартысты бөсекеде ауыл жастары спорттық іс-шаралардың тек жанкүйерлері ғана емес, белсенді қатысушылары бола алатынын іспен дәлелдеді.

Жарыс нәтижесі бойынша волейболдан Саралжыннан келген ерлер және Қайыңды ауылдық округінен келген қыздар командасы үздік атанды. Шағын футбол бойынша Қайыңды командасы І орынды жеңіп алды. Ал, үстел тенниснен қыздар арасында қайыңдылық спортшылар басым түссе, ерлер арасында көптоғайлық спортшылар жеңіске жетті. Билекті жігіттер күштерін сына салатын қол күрес және пір тасын көтеру сайысынан көптоғайлық спортшылар өз салмақтарында шеберліктерін көрсетті. Аса шапшаңдықты қажет ететін 100 метрге жүгіру сайысы, ұлттық спорт түрлері тоғызқұмалақ, асық ату ойындарынан қарайлық спортшылар бірінші орынға табан тіреді. Қазақ күресінің керемет айла-өдістерін көрсете білген Сарбие ауылының балуандары қарсыластарын шақ келтірмеді.



Ауыл шетінде өткен ат үстіндегі спорт түрлері де өте тартысты өтті. Спартакиаданың сәнін келтірген сайыс ат спорты болды. Аламанға ат қосқан шабандоздар бірінші-бірі оза шапты. Теңге ілуден атақты дихан Ш.Берсиев ауылынан келген спортшы үздік шықса, аударыспақтан 60,70,80кг жоғары килограмм салмақ дәрежесі бойынша Сарбие, Ш.Берсиев, Ойыл спортшылары биік межеден көрінді.

Ауыл спортшыларының жазғы аудандық спартакиадасының үздік үштікті 188 ұпай жинаған Сарбие ауылдық округі спортшылары иеленеді. Екінші орынға 191 ұпай жинаған қайыңдылықтар қол жеткізсе, алтын алқамен қанжығыларын өзгелерден басым түсіп 196 ұпай жинаған Қарай ауылдық округінің спортшылары жеңімпаз атанды. Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл-Сарбие-Ойыл.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МЕРЕҰЛІ МІНДЕТ!



Ойыл ауданы бойынша қазіргі таңда өкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің штат саны – 94 біріктірі құрайды. Бос тұрған орындарды есептемегенде 89 өкімшілік мемлекеттік қызметшінің 50-нөмесе 56% ер азаматтар, 39-і немесе 44% әйелдер, барлық өкімшілік қызметшілердің орташа жасы-39 жас, 30-ға дейінгі жастар саны – 18.

Аудандағы мемлекеттік қызметшілердің 79 (88,7%) жоғары білімді, 10 (11,3%) арнаулы орта білімді, орташа қызмет өтілі 10,2 жыл, атқарып отырған лауазымындағы орташа өтілі 3 жылды құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің білімі бойынша мамандықтарына келетін болсақ, олардың 45%-ы экономикалық, 13,5%-ы құқықтық, 18%-ы білім, 13,5%-ы техникалық ғылымдар, 6,7%-ы ауыл шаруашылығы, 1,1%-қызмет көрсету, 2,2%-ы ветеринария мамандықтарына тиесілі.

Мемлекеттік қызметшілердің сәйкесінше кәсіби білімі болуы, атқарып отырған саласында еңбек тәжірибесі мен біліктілігі қоса талап етіледі. Осы мақсатта аудандық жергілікті бюджеттен қаржылан-дырылатын 7 ауылдық округ пен 6 аудандық бөлімдердегі мемлекеттік қызметшілер ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалының бекітілген жоспарына сәйкес қайта даярлау мен

біліктілікті арттыру курстарынан өтуде. Атап өтетін болсақ, ағымдағы жылдың осы кезеңіне дейін 12-і мемлекеттік қызметші біліктілікті арттыру, 2-уі қайта даярлау курсынан өтті.

Мемлекеттік қызметшілердің тәжірибе алмасып, өдістемелік көмек алу мақсатында облыстық және аудандық мемлекеттік мекемелерден тағылымдамадан өтуі де тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Ұлт жоспары - 100 нақты қадамның орындалуының маңызды көрсеткіштерінің бірі мемлекеттік қызметшілердің қызметте мансаптық өсу меритократия қағидаты мем-лекеттік қызметшілер бойынша төменгі лауазымынан жоғары лауазымға ұсынылып, тағайындалуы.

Мемлекеттік қызметке орналасу үшін мемлекеттік бос орындарға жарияланған конкурстар негізінде ағымдағы жылдың қаңтар айынан бүгінгі күнге дейін 15 конкурс өткізілді. Нәтижесінде 15 мемлекеттік қызметші конкурстық комиссияның қорытындысы бойынша қызметке орналасып, жоғарыда атап өткендей оның 3 мемлекеттік қызметші меритократия қағидаты бойынша жоғары лауазымға ұсынылды.

Г.ДУСІПОВА,
Ойыл ауданы өкімі аппаратының персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) бөлімінің басшысы.